ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҒАЗЕТІ

№ 215 (9533) | 1954 жылғы 29 октябрь Жұма

Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

Ауыл шаруашылығының қызметкерлері! Барлық дақылдардан мол өнім алуға ұмтылыңдар! Астық шаруашылығын өркендетіп, нығайта беру үшін тынбастан күресіңдер! Тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру үшін, 1955 жылы егіннен мол өнім алу үшін социалистік жарысты өрістетіңдер! Елімізге қосымша жүздеген миллион пұт астық берейік!

(СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арнаған Ұрандарынан).

Ауыл шаруашылығын онан әрі мықтап өркендету үшін

Коммунистік партия мен Совет Үкметі ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндетін бұлжытпастан жүзеге асырып келеді. Партиямыздың тарихи документтерінде —СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль- март және июнь Пленумдарының қаулыларында жауынгерлік программа белгіленіп, елімізде таяудағы екі-үш жылдың ішінде халық үшін азықтүлік өнімдерінің және жеңіл өнеркәсіп үшін шикізаттың молшылығын жасау жолдары көрсетіліп берілді.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолындағы күрес коммунистік құрылыстың аса маңызды участоктерінің бірі болып табылады. Коммунистік партияның Орталық Комитетінің Октябрь мейрамына арнаған Ұрандары социалистік деревняның еңбекшілерін осы міндетті жүзеге асыруға шақырады.

—Ауыл шаруашылығының қызметкерлері! Социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын мейлінше ерге бастыру үшін күресіңдер! Елімізге астықты, сүтті, етті, жүнді, мақтаны, зығырды, қант қызылшасын, картопты, свощьты және басқа ауылшаруашылық өнімдерін көп берейік!

Партия мен үкмет ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету міндетін жүзеге асыру үшін әрбір колхоздың, әрбір совхоздың жылдан-жылға жерді пайдалануды жақсартып, егіннен мол өнім алуы, мал шаруашылығының өнімділігін арттыруы қажет.

Бізде ауыл шаруашылығының жаңашылдары, озат колхозшылар, МТС-тер мен совхоздар аз емес. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі колхоз өндірісінің аса көрнекті ұйымдастырушылары басқарып отырған колхоздардың қандай орасан зор табыстарға жеткенін көрсетті. Бұл колхоздар жерді шебер пайдаланып, егіннен мол өнім өсіреді, мал шаруашылығынан жоғары өнім алады, әрбір 100 гектар егістікке, шабындыққа және жайылымдыққа балағанда өнімді өте көп алады, сөйтіп, осының негізінде қоғамдық табыстарды молайтып, колхозшылардың әл- ауқатын арттырады.

—Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Еңбек өнімділігін арттырып, еңбек тәртібін нығайта беріңдер! Ғылым мен озат тәжрибенің табыстарын зерттеп үйреніп, кеңінен қолданыңдар! Колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайта беруді, колхоз табыстарын молайтып, колхозшылардың әл- ауқатын арттыра беруді қам-

астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Колхоздар мен совхоздар елімізге 231 миллион пұт астық тапсырды. Бұл республика бойынша бұдан бұрынғы жылдардың қайсындағыдан болса да артық. Бұл цифрлар партия мен үкметтің, еліміздің барлық еңбекшілерінің белсенді көмек көрсетуінің арқасында қазақ халқының қол жеткен тамаша табыстары туралы баяндайды.

СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумының қарарларын жүзеге асыра отырып, Қазақстанның колхоздары, МТС-тері мен совхоздары жаңа жерлерді игерудің мемлекеттік жоспарын асыра орындады. Келесі жылдың егісіне арнап 8 миллион гектардан аса тың және тыңайған жер жыртып, мемлекеттік тапсырманы 1,7 миллион гектар артығымен орындады. Республиканың совхоздары жаңа жерлер игеру жөнінде орасан зор жұмыстар істеді. Көктемде жаңа жерлерде 93 ірі астық совхоздары құрылған болатын. Мемлекет оларды егіс жұмыстарын толығынан механикаландыруды қамтамасыз ететін аса бай техникамен жабдықтады, көп құрамды стандартты үйлер, құрылыс материалдарын және күрделі құрылыстар жүргізуге қаржы бөлді. Жаңа совхоздарға келген совет патриоттары ұйымдастыру кезеңіндегі қыйыншылықтарды ойдағыдай жеңіп, өздеріне жүктелген міндеттерді аброймен орындап шықты.

Сибирьдің аса маңызды астықты аудандары Отанымыздың экономикалық қуатын онан әрі нығайту ісіне лайықты үлес қосты. Алтай өлкесі мемлекетке 2 миллион пұт астық тапсырды. Новосибирь облысы өткен жылға қарағанда, 40 миллион пұт астық, Омск облысы— 31 миллион пұт астық, Курган облысы — 12,4 миллион пұт астық артық тапсырды. Томск, Кемерово, Челябинск, Тюмень, Свердлов және басқа облыстардың колхоздары мен совхоздары да мемлекетке астық тапсыруды ойдағыдай аяқтады.

Бүгін «Правдада» Краснояр өлкесі колхоздары мен совхоздарының астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындағаны туралы хабар жариялаған отыр. Бұл өлке егін даласының еңбекшілері мемлекетке астықты өткен жылғыдан 21,3 миллион пұт артық тапсырды.

Қазақстан, Сибирь, Урал егіншілерінің табыстары —даусыз табыстар. Енді осы табыстарды баянды етіп, астық шаруашылығын онан әрі өркендетуді батыл

—Колхоздардың, совхоздардың және машина- трактор станцияларының қызметкерлері! Қоғамдық мал шаруашылығын барынша өркендете беріңдер, мал санын көбейтуге және оның өнімділігін арттыруға жетіңдер! Малдың жақсы қыстап шығуын қамтамасыз етейік! Елімізге мал шаруашылығы өнімдерін көп берейік!

СОКП Орталық Комитеті колхозшылар мен колхозшы әйелдерді, МТС- тер мен совхоздардың қызметкерлерін техникалық дақылдар, овощь және картоп өндіруді ұлғайтуға, бұл дақылдардың шығымдылығын арттыруға жетісуге, өндіріске механизация және озат агротехника енгізуге шақырады.

Ауыл шаруашылығын одан әрі өркендетуде машина-трактор станциялары басты және шешуші роль атқарады. Біздің ауыл шаруашылығымыз көп жоғары дәрежелі техникамен жабдықталған, бұл барлық негізгі ауылшаруашылық жұмыстарын механикаландыруға мүмкіншілік береді. Колхозды деревняда ауыл шаруашылығы мамандары мен механизаторлардың зор армиясы жұмыс істейді.

—Машина- трактор станцияларының қызметкерлері! Барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын барынша арттыру үшін, қоғамдық мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру үшін күресіңдер! Тракторлардың, комбайндардың және басқа машиналардың мезгілінде жөнделуін қамтамасыз етейік!

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету жөніндегі партия мен үкмет алға қойған міндеттерді жүзеге асыруда совхоздар зор роль атқарады. Ірі мемлекеттік социалистік шаруашылық болып отырған, озат техникамен жабдықталған совхоздардың ең қысқа мерзім ішінде астық өндірісін және мемлекетке астық, овощь, ет, сүт, жүн және басқа ауылшаруашылық өнімдерін тапсыруды арттыруға зор мүмкіншіліктері бар.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы пайдаланылмай жатқан жерлерді ауыл шаруашылығына бұдан былай пайдалану негізінен жаңа совхоздар ұйымдастыру есебінен жүргізілсін деп атап көрсетті. Қазақстанның, Сибирьдің, Уралдың және Поволжьенің далаларындағы тың және тыңайған жерлерде қосымша 300-ден аса совхоздар құрылатын болады. Совет патриоттарының — тың жерлерге өз еркімен барушылардың жаңа отрядтары тың жерлер игерілетін аудандарға барған

Қазақ ССР-нің колхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындады

Қазақ ССР-нің колхоздары мен совхоздары астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мемлекетке үстіміздегі жылдың егінінен 231 миллион пұт астық тапсырылды. Мұның өзі өткен жылдардың қайсысында болса да республикада дайындалған астық мөлшерінен едәуір асып түседі. Быйылғы жылы тың және тыңайған жерлерді игерген колхоздар мен совхоздар мемлекетке астық тапсыруды едәуір арттырды. МТС жұмыстары үшін тапсырылған счеттар бойынша мемлекетке астық тапсыру және мемлекетке астық сату жұмысы онан әрі жүргізілуде.

Кезіргі уақытта республиканың колхоздары мен совхоздары келесі жылдың көктемгі егісінің барлық көлеміне арнап тұқым құюда, жемдік және басқа қоғамдық қорлар жасауда, колхозшылардың еңбекқүніне астық беруде, шитті мақтаны, қант қызылшасын, күнбағысты, картопты және овощьтарды жыйнау мен дайындауды аяқтау үшін күш жұмсауда.

Үстіміздегі жылы республика колхоздарының егін шаруашылығы мен мал шаруашылығынан алған табыстары өткен жылғы табыстарынан екі еседен аса артады, мұның өзі колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі едәуір нығайтуды жүзеге асыруға, өндірістік, мадени- тұрмыстық құрылыстар салуды кеңейтуге және колхозшылардың еңбекқүніне ақша беруді арттыруға мүмкіндік туғызады.

Республиканың колхоздары, МТС- тері мен совхоздары астық өндіруді ұлғайту және 1955 жылы ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуды қамтамасыз ету жөнінде едәуір әзірлік жұмыстарын жүргізуде. Олар келесі жылдың егісіне арнап сегіз миллион гектардан аса тың және тыңайған жерді жыртып, мемлекеттік тапсырманы 1,7 миллион гектар артығымен орындады. Зябь жыртудың мемлекеттік жоспары аяқталып келеді.

Республика ауыл шаруашылығының еңбекшілері қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендетіп, оның өнімділігін арттыру жөнінде зор қамқорлық жасауда. Колхоздар мен совхоздар үстіміздегі жылы 1953 жылғыдан 1 миллион тонна жай жемшөпті артық дайындап, 269 мың тонна жемшөпті артық сүрледі.

Халық шаруашылығына сапалы, арзан өнімді көп беру жолында

Ауыл шаруашылығын өркендету ісіне Петропавлдағы шағын двигательдер заводы өзінің тиісті үлесін қосып келеді. Завод коллективі жасап шығарған шағын двигательдер кәзір ауыл шаруашылығының көп саласында: ағаш өңдеуде, қой қырқуға, астық тазартуға, оны кептіруге және тағы басқа да жұмыстарды жүргізуге ойдағыдай пайдалануда.

Заводтың жұмысшылары, инженерлері мен техниктері Москва қаласы және Москва облысының алдыңғы қатарлы өнеркәсіп орындарының үлгісімен жұмыс істеп, үстіміздегі жылы жылдық өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығуға, ал мотор жасаушылар 100 мың сомның өнімін жоспардан артық шығарып, еңбек өнімділігін 2,2 процентке дейін арттыруға міндеттенді. Сондай-ақ, өнімнің өзіндік құнын кемітуі нәтижесінде завод бойынша 165 мың сомдай қаржыны мемлекет олжасына түсіруді, өткен 1953 жылмен салыстырғанда шығарылатын өнімдерде кететін ақауды 40 процентке дейін азайтуды жоспарлаған еді.

Бұл міндеттемелерді аброймен орындап шығу жолындағы күресте завод коллективі кәзір айтарлықтай табыстарға ие болды. Мұнда үстіміздегі жылдың өзінде

шылық роль атқарушылар, өнер талқыштар. Мәселен, жөндеу-механикалық цехының бастығы коммунист Иванов жолдас осы заводта жұмыс істей бастағаннан бері ондаған рационализаторлық ұсыныстар жасап, өндіріске енгізді. Ол өзі басқарған цехтың мүшелерімен бірлесе отырып, жаңа сүйреткі станок жасап шығарды. Бұл станок заводта жұмсалатын металдарды едәуір үнемдеуге мүмкіндік берді. Ұлғі жасау мастерскойының бастығы коммунист Смирнов жолдас металл құю системасына жаңалық енгізді. Ол жаңалық шығарылатын өнімде кететін ақауды 3 есе кемітті. Одан үнемделген материалдан мемлекетке 30 мың сом пайда түсті. Ал коммунист Любимов және инженер Винокуров жолдастар бірлесе жұмыс істей отырып, үш шпиндельді ұзынынан жонатын фрезер станогіне бір қатар жаңартулар енгізді. Бұдан завод 42 мың сомның материалдарын үнемделді.

Үстіміздегі жылдың 9 айы ішінде заводтың жұмысшылары мен инженер-техниктері 249 рационализаторлық ұсыныс жасады. Осыдан 121 жаңалық ұсыныс өндірісте қолданыла бастады. Бұл ұсыныстар мен жаңалықтар шағын двигательдер машиналарының конструкцияларын жақсартуға және бұл машиналар-

ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі қаулысына жауап ретінде бірге жұмыстар істеді. Облысымыздың МТС, колхоздарына және жаңадан ұйымдастырылған астық совхоздарына тұтқілікті жұмыс істеу үшін 6 инженер, 14 техник, 100-ден астам әртүрлі мамандықтары бар жұмысшылар жіберілді. Сонымен бірге, егін жыйнау кезінде заводтың 60-тан астам жұмысшы, қызметкерлері колхоздарда жұмыс істеді. Заводтың белсенді комсомолдары мен коммунистерінен және активтерінен 14 адам комбайн агрегатының ұйымдастырушысы болды.

Облысымыздың колхоз, МТС, совхоздарына техника жағынан да едәуір көмек жасалды. Оларға 200-ден астам трактор бөлшектерін, 510 механикаландырылған веялкаларға шкивтер жасап, 14 шағын двигательдерді күрделі жөндеуден өткізіп және 5 двигательді жаңадан жасап берді. Облысымыздың колхоз, совхоздарына және МТС-теріне берілген құрал-саймандардың және тағы басқа да материалдардың сомасы 100 мың сомнан асады.

Үстіміздегі жылы завод Октябрь ауданындағы «Пламя» колхозын қамқорлыққа алып, колхозға екі шағын двигателін

Партия мен үкмет бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі ретінде астық шаруашылығын өркендетуге орасан зор көңіл бөледі. СОКП Орталық Комитетінің февраль- март Пленумы халықтың және бүкіл халық шаруашылығының өсіп отырған қажетінің қанағаттандырылуы астық өндіруді арттыруға байланысты болады деп атап көрсетті. Партияның нұсқауларын орындай отырып, совет адамдары астық өндіруді арттыру жолында табанды-лықпен күресуде. Өткен жылымен салыстырғанда быйыл жаздық дәнді дақылдар егісінің көлемі 6.429 мың гектар, оның ішінде бидай егісінің көлемі — 3.583 мың гектар, астыққа пайдаланылатын жүгері— 756 мың гектар ұлғайтылды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру бүкілхалықтық іске айналды. Колхоздар, МТС-тер мен совхоздар быйылғы жылы 17 миллион гектарға жуық тың және тыңайған жерлерді көтерді. Көктемгі жаңа жерлерге 3,6 миллион гектар дәнді дақылдар егілді.

Қазақстан егіншілерінің даңқты жеңісі туралы хабарды бүкіл совет халқы орасан зор жігермен қарсы алады. Шығыстың ең ірі астық базасы — Қазақ ССР листік ауыл шаруашылығымыздың астық шаруашылығын мейлінше өркендету үшін барлық мүмкіншіліктері бар. Партия мен үкметіміз 1956 жылдың өзінде жаңадан игеріліп жатқан жерлерде дәнді және басқа ауылшаруашылық дақылдары егісін 28—30 миллион гектарға жеткізу міндетін қойды. Коммунистік партияның Орталық Комитеті Октябрь мерекесі қарсаңында мынаған шақырады:

—Ауыл шаруашылығының қызметкерлері! Барлық дақылдардан мол өнім алуға ұмтылыңдар! Астық шаруашылығын өркендетіп, нығайта беру үшін тынбастан күресіңдер! Тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру үшін, 1955 жылы егіннен мол өнім алу үшін социалистік жарысты өрістетіңдер! Елімізге қосымша жүздеген миллион пұт астық берейік!

Біздің мемлекетіміздің, бүкіл совет халқының мүдделері мал басын бұдан былай да көбейтіп, оның өнімділігін едәуір арттыруды талап етеді. Мал шаруашылығын және еңалдымен қоғамдық мал шаруашылығын жедел өркендетудің еліміз үшін өмірлік маңызы зор, кәзір бұл мәселе партия мен мемлекеттің ауыл шаруашылығы саласындағы ең шұғыл міндеті болып табылады.

—Совхоз қызметкерлері! Егіннің шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігін арттыра беріңдер! Өндірісті ұйымдастыру және техниканы пайдалану ісін жақсартыңдар, өнімнің өзіндік құнын кеміте беріңдер! Барлық совхоздарды жоғары товарлы үлгілі шаруашылықтарға айналдырайық!

Совет елі өзінің күші кемеліне келген дәуірде отыр және коммунизм жолында сеніммен алға басып келеді. Халық шаруашылығындағы жетекші күш болып табылатын социалистік индустрияны мықтап өркендету негізінде елімізде ауылшаруашылық азық- түліктерінің молшылығын жасау міндетін жүзеге асыру —коммунистік құрылыс программасының аса маңызды құрамды бөлегі. Бұл міндетті ойдағыдай орындау жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың ұлы одағын онан әрі нығайта беруге көмектеседі.

—Советтік құрылыстың бұлжымас негізі —жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас одағы жасасын!

(«Правданың» 27 октябрьдегі басмақаласы).

В.И.Кубышкинге Қазақ ССР-нің социалистік мал шаруашылығына еңбегі сіңген мастері құрметті атағын беру туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Социалистік мал шаруашылығын өркендетуде сіңірген еңбегі үшін Жамбыл облысындағы Ленин кой совхозының аға зоотехнигі Василий Иванович Кубышкинге Қазақ ССР-нің социалистік мал шаруашылығына еңбегі сіңген мастері құрметті атағы берілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ОҢДАСЫНОВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы,
16 октябрь 1954 жыл.

Т.Көбдіков жолдасқа Қазақ ССР-нің халық ақыны атағын беру туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Туғанына сексен жыл толуына байланысты, қазақтың советтік поэзиясын өркендетуге сіңірген еңбегі үшін Төлеу Көбдіков жолдасқа Қазақ ССР-нің халық ақыны атағы берілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ОҢДАСЫНОВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы,
18 октябрь 1954 жыл.

Қ.М.Симақов жолдасты Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградтау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Туғанына елу жыл толуына байланысты, республиканың қорғасын өнеркәсібі кәсіп орындарындағы көп жылғы жемісті жұмысы үшін Шымкенттің М. И. Калинин атындағы Ленин орденді қорғасын заводының директоры Қаюм Мұхамеджанұлы Симақов жолдас Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің Орынбасары И. ЛУКЬЯНЕЦ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы,
25 октябрь 1954 жыл.

Кәсіподақтардың облыстық Советінің пленумы

Жуырда Кәсіподақтардың облыстық Советінің кезекті пленумы болып өтті. Пленум облыс кәсіподақ ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстарына әзірлік және оны өткізу туралы мәселе талқыланды. Үстіміздегі жылдың 1 ноябрінен бастап 1955 жылдың 1 февраліне дейін өкілдік мерзімі өткен кәсіподақ топтарында, кәсіподақтардың цехтық және жергілікті ұйымдарында, фабрика, завод жұмысшы комитеттерінде есеп беру-сайлау жиналыстарын өткізу, ал өкілдік мерзімі өтпеген кәсіподақ ұйымдарында есеп беру жиналыстарын өткізу ұйғарылды.

Пленум облыстың кәсіподақ органдарын есеп беру-сайлау жиналыстарын жоғары дәрежеде, сын мен өзара сын ұранымен өткізуге міндеттеді. Кәсіподақтардың төменгі органдарын сайлауға әзірлік кезіндегі ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмыстары социалистік жарысты онан әрі кеңінен өрістету, өнеркәсін пен транспорт және ауыл шаруашылығы озаттарының тәжрибелерін кеңінен насихаттау, жұмысшылар мен қызметшілердің тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатына бағытталуы керек.

Сонымен қатар пленум ұйымдастыру мәселесін қарап, В. Е. Островной жолдасты кәсіподақтардың облыстық Советі президиумының председателі міндетінен босатты. Кәсіподақтардың облыстық Советі президиумының председателі болып Е. В Цимбал жолдас сайланды.

двигательдерге ине біліктер және болт кішкене білеулер жасап шығаруды меңгерді. Сонымен бірге, заводтың құралсайман цехы мен күю цехында жаңарту жұмыстары жүргізілді. Мәселен, күю цехында үстіміздегі жылы күю конвейері жұмысқа қосылды. Топырақтан үлгі жасауды және оны тасымалдап жұмыс орнына жеткізуді механикаландыру аяқталып келеді. Бұл жұмыстар құюшылардың еңбек өнімділігін 1,5—2 есеге дейін арттырады.

Завод коммунистері еңбек өнімділігін еселеп арттыруда және өнімнің өзіндік құнын кемітуде, өнім сапасын жақсарта беру жолындағы күресте алдыңғы қатарда келеді. Коммунистер болат балқытушы Дорфман, Пакетов, слесарлар Алпеев, Крылов, үлгі құюшылар Файзеев, Манников жолдастар өндірісте еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп, сменалық тапсырмаларын 250 —300 процентке дейін орындап жүр. Бұл өзат коммунистермен социалистік жарысқа түскен комсомолецтер Лящев, Строев, Зерецкий тағы басқа жолдастардың өндірістік көрсеткіштері де кем емес.

Осы заводта көп жылдар бойы еңбек етіп, коллектив қамқорлығына бөленген Павел Иванович Тарабрин жолдас өзінің мамандығын арттыра отырып, өндіріске пайдалы көп жаңалық ұсыныстар енгізді. Павел Иванович металл балқыту уақытын 4 сағатқа дейін кемітті. Ол кәзірдің өзінде жетіжылдық өндірістік жоспарды артығымен орындап шықты.

Заводта жаңалық тапқыштар саны барған сайын көбеюде. Мұнда коммунистер басқарушылық және ұйымдастыру-

тар есебінен үнемделген мемлекет қаражаты 319,5 мың сом болды.

Заводтың партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының өндіріске басшылықты біраз жақсартуы нәтижесінде жұмысшылардың творчестволық еңбектері игі нәтижелер берді. Быйылғы жылдың тоғыз айы ішінде завод жалпы өнім мен товарлы өнім шығару жөніндегі мемлекеттік жоспарды 5,9 процент орындап шықты. Осы уақыт ішінде бір миллион сом нан астам өнім жоспардан артық өндірілді. Ал жалпы завод бойынша еңбек өнімділігі 104,2 процентке жетті. Өнімнің өзіндік құны жоспар бойынша 7,1 процентке кемітілуге тиіс болса, ол 8,2 процентке дейін кемітілді. Өнімнің өзіндік құнын мол кемітудің өзінен ғана завод 292 мың сом қаржы үнемдеуге жетісті. Бұл 1953 жылдың 9 айлық жұмыс қорытындысымен салыстырғанда, үстіміздегі жылғы 9 айда еңбек өнімділігі 20 процент артты деген сөз.

Завод техника жаңалықтары мен өнертапқыштардың ұсыныстарын өндіріске кең пайдаланудың нәтижесінде өнімнің ең негізгісі—Л—12/4 шағын двигательдерін 18 процент және Л—6/3 шағын двигательдерін жоспардағыдан 16 процент артық өндірді. Коллектив мүшелері 9 ай ішінде көптеген шағын двигательдерді артық өндіріп, республикамыздың колхоздары мен жаңадан ұйымдастырылған астық совхоздарына жөнелтті.

Завод коллективі өндірістік жоспарды орындап, халық шаруашылығында пайдаланылатын шағын двигательдер жасаумен бірге, СОКП Орталық Комитетінің

алып, ол үйді уақытылы пайдалануға тапсырды.

Біздің заводтың коллективі партиямыз бен үкметіміздің күнбе-күн жасап отырған әкелік қамқорлығына өндірістегі озат істерімен жауап беріп отырады. Бұл күндері завод коллективі Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдық мерекесі алдындағы социалистік жарысқа кеңінен ұштасып, октябрь айының өндірістік жоспарын 108 процент орындауға, сөйтіп жоспардағыдан тыс көптеген шағын двигательдерін жасап шығаруға, оның запас бөлшектерін көптеп өндіруге міндеттеніп отыр. Бұл міндет аброймен орындалуда. Мереке алдындағы жарыста коммунист Бруховецкий жолдас басқарған механикалық цехтың бірінші участогі еңбектің озат үлгісін көрсетіп, үнемі алда келеді. Бұл участоктің мүшелері кәзірдің өзінде шағын двигательдерге ине біліктерін Л—12/4, бөлгіш кішкене білеулер Л—6/3, Л—12/4 және шатун жасаудың жылдық өндірістік жоспарын орындап шықты.

Завод коллективі бұл қарқынды бәсендетпей, Октябрь революциясының 37 жылдық мерекесін өнім шығаруды ұлғайтумен, оның сапасын жақсартып, өзіндік құнын одан әрі кемітумен қарсы алады. Коллектив өзінің барлық мүмкіншіліктерін кәзір, міне осы мақсатқа жетуге жұмсап отыр.

И. ГЛУШЕНКОВ,

Шағын двигательдер заводы партия ұйымының секретары.

МТС коллективі қоғамдық мал үшін қамқорлықты күшейтуде

Преснов МТС-нің механизаторлары мен мамандары егін жыйнауды аяқтасымен өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін колхоздарда зябь жырту, жыртылған парды өңдеу, қоғамдық мал үшін жемшөп қорын молайта беру жұмыстарын бір бірімен ұштастыра жүргізуге жұмылдырды. Бұл жұмыстарда келелі табыстарға жету мақсатымен олар Ұлы Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасып, еңбек өнімділігін арттыра түсті.

Жарыста, әсресе, қоғамдық мал үшін табиғи пішен дайындауда жұмыс істеп жүрген механизаторлар айтарлықтай табыстарға жетіп келеді. Мәселен, тракторшы Н. Долгополов жолдас басқаратын агрегат егін жыйнау аяқталғаннан кейінгі 30 жұмыс күні ішінде «Победа» колхозының даласында 667 гектар жердің табиғи шөбін шапты. Агрегат күн сайын орта есеппен 22 гектар жердің пішенін шауып, бұл жөніндегі күндік тапсырманы үнемі асыра орындап келеді. Сол сыяқты, өздігінен жүретін шөп машиналарының қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, машинист В. Окарков, М. Деттяренко жолдастар да жоғары көрсеткіштерге жетісті.

Ворошилов атындағы колхозда шөп шауып жүрген тракторшы- комсомолец Петр Художников басқаратын агрегаттың мүшелері де айтарлықтай табыстарға жетуде. Бұл агрегаттағылар күндік еңбек өнімділігін 22—24 гектарға жеткізе отырып, егін жыйнау аяқталғаннан кейінгі 20 жұмыс күні ішінде 466 гектар шабындықтың шөбін шапты. Өздігінен жүретін кеңалымды шөп машиналарының машинистері А. Парадее, Г. Шулпин жолдастардың табысы да айта қаларлықтай.

Механизаторлармен бірге МТС мамандары да қоғамдық малды қыста азықтандыру ісіне қамқорлықты күшейтуде. Ауыр жұмыстарды механикаландыру жөніндегі МТС механигі Большаков жолдас колхоздардағы мал азығын буландырғыштарды іске әзірлеуді шебер ұйымдастырып отыр. МТС зоотехниктері әрбір колхозда дайындалған мал азығының мөлшерін анықтау, колхоз мал өсірушілерімен бірлесе отырып малдарды қыста азықтандырудың рационларын жасау, мал қораларын жөндеу, жаңадан салынған қоралардың құрылысын толық аяқтау істеріне колхозшыларды жұмылдыру жөнінде едәуір жұмыстар істеді.

Н. МИШИН.

Зябь жырту жоспарын артығымен орындадық

Колхозымыздағы трактор бригадалары зябь жырту жұмысына август айының баскезінен кірісті. Бригадалар мен механизаторлар арасында социалистік жарыс алғашқы күннің өзінен-ақ қыза түсті. Жер жырту жұмысы екі сменада жүргізілді. Механизаторлардың еңбектегі көрсеткіші әр бескүндік сайын шығарылып, жетістіктер мен кемшіліктердің себептері көрсетіліп отырылды. Сменалық жұмыстар тоқтаусыз жүргізілуі үшін механизаторлар сумен, жанар, жағар маймен уақытында және толық қамтамасыз етілді. Соның нәтижесінде зябь жырту жоспарының орындалуы 10 октябрьде 2700 гектар орнына, 3968 гектар болды.

Бұл жұмыста социалистік Еңбек Ері А. Асадулаев жолдастың басқаруындағы №25 трактор бригадасының механизаторлары ерекше көзге түсті. Осы бригададағы механизатор комсомолецтер Сапенов, Круподеров, Стародубцев және коммунист Ботанов жолдастар өздерінің сменалық тапсырмаларын 120 процент-тен кем орындаған жоқ.

Ал жыртылған зябьтің 75 проценті тың, тыңайған жерлер есебінен болды.

С. ТҰРАЛИН,

Преснов ауданы, «Баян» колхозының председателі.

ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТКЕ 231

Астық өндіруді ұлғайту жөніндегі бүкілхалықтық міндетті жүзеге асыру күресінде

П. ПОНОМАРЕНКО,
Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары

* * *

СОКП Орталық Комитеті мен Совет Үкметі ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету және ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау міндетін алға қойды. Осы негізде халықтың әл-ауқаты арттырылуға тиіс.

Бұл бүкілхалықтық міндетті орындаудың кілті бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі—астық өндіруді шұғыл ұлғайту болып табылады. СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумы астық өндіруді ұлғайтудың практикалық программасын жасап берді. Еліміздің барлық аудандарында дәнді дақылдардың шығымдылығын арттырумен қатар астық шаруашылығын неғұрлым тез өркендетіп, көп мөлшерде товарлы астық алудың маңызды және нақтылы қайнар көзі, СОКП Орталық Комитетінің Пленумы көрсеткеніндей Қазақстан, Сибирь, Урал, Поволжье аудандарында тың және тыңайған жерлерді игеру болып табылады. Пленум бұл аудандарда 1954 жылы 1954—55 жылдардағы егіс үшін 13 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді жырту керек деп тапсырма белгілеген еді.

Бұл шараны бүкіл халық мақұлдады. Оның жүзеге асырылуы Коммунистік құрылыс программасының құрамды бөлегіне айналды. Бұл бүкілхалықтық іске Қазақстанға еңбегін орын берілген еді. 1954—1955 жылдардағы егіс үшін тың және тыңайған жерлері жырту жоспары Қазақ ССР-і үшін 6,3 миллион гектар мөлшерінде белгіленді.

Партия мен үкметтің тапсырмасын орындай отырып, Қазақстанның колхоздары мен совхоздары быйыл 1955 жылғы егіс үшін 8 миллион гектардан артық тың және тыңайған жер жыртып, тапсырманы 1,7 миллион гектар асыра орындады. Осыған байланысты 1955 жылғы егіс үшін егіс көлемі 1953 жылғы 9,2 миллион гектар орнына 18,2 миллион гектар өскелі отыр.

Үстіміздегі жылы көктемгі егіс ауа райының қолайсыз жағдайында өткізілді. Көктем кеш шықты, егістердің жартысына жуығын көктемде жыртылған жерлерде жүргізу қажет болды. Егіс жұмыстары күні-түні бірдей өте қауырт жүргізілді. Соның нәтижесінде егіс жақсы мерзімдерде өткізілді, 1954 жылғы егіс көлемі 1953 жылғымен салыстырғанда, 1,8 миллион гектар ұлғайтылды, мұның ішінде тың және тыңайған жерлерге 1,6 миллион гектар егін егілді. Бидай, тары, сұлы, арпа, овощь-бақша, жемшөптік және техникалық дақылдар едәуір көп егілді.

Көктемгі егіс пен егін жыйнау жұмыстарын неғұрлым сапалы өткізу облыстардың көпшілігінде жақсы өнім алып, астықтың жалпы түсімін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Мемлекеттік астық дайындау мәліметі едәуір өсті, колхоздардың экономикасы шұғыл көтеріліп, колхозшылардың жаппай және ақшалай табыстары арт[illegible]

Жалпы егіс көлемі, 1953 жылғы 9,2 миллион гектар орнына, 1956 жылы 28,5 миллион гектарға жеткелі отыр. Осы уақыттың ішінде астықтың жалпы түсімі кем дегенде екіжарым-үш есе артуға тиіс. Товарлы астықтың түсімі одан да көп мөлшерде өседі.

Жаңа жерлерді игеру жөнінде өрістетілген жұмыстардың нәтижесінде Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінде қандай орасан зор өзгерістер болып жатқаны көзірдің өзінде-ақ көрінін отыр. Қазақстанның ұшы-қыйыры жоқ даласында жаңа астық совхоздары мен МТС-тердің поселкелері өсіп келеді, олар қалаларға, мәдени орталықтарға айналуда, бұл поселкелердегі почталарға, телефон мен радиоға, газет алуға, медициналық жәрдем алуға, магазинге, лекция тыңдауға және сондайларға маңайдағы халықтар көзірдің өзінде келуде. Грейдерлік жетілдірілген жолдарды, көпірлерді, тар табанды темір-жолдарды, құрылыс материалдарын өндіретін, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарды, ауылшаруашылық машина жасау заводтарын салу жұмысы басталуда. Жаңа мектептер мен емханалар салынып жатыр, совхоздарда, МТС-тер мен колхоздарда пәтер үйлер мен мәдениетұрмыс мекемелерінің құрылысы кең түрде ұйымдастырылуда, МТС-тер мен совхоздардың қызметкерлері өздеріне салатын жеке меншікті үйлердің құрылысы мейлінше көтермеленуде. Бұл үшін қарыз ақша беріліп, құрылыс материалдарымен көмек көрсетілуде.

1955 жылы республикада қамыстан жасалған бір квартиралы стандартты пәтер үйлерді жаппай өндіру жұмысы басталады. Екі бөлмеден, асхана мен шоланнан құралған 40 шаршы метр пайдалы көлемі бар берік, жылы және әдемі үйдің құны 10 мың сомдай болады. 1955 жылы осындай 50 мың үй, 1956 жылы 100 мың үй жасау көзделіп отыр. Мұның өзі Қазақстанның селолары мен ауылдарында, аудан орталықтары мен совхоздарында, МТС-тері мен колхоздарында пәтер үй проблемасын шешуге орасан зор дәрежеде көмектесетін болады.

Қазақстанның партия ұйымы өзінің жұмысында 1955 жылдың орасан зор егіс көлемінен мол өнім алынуын қамтамасыз етуге көбірек көңіл бөледі. Келесі жылдың өніміне қолайлы фактор мыналар болып табылады: барлық егістердің жартысына жуығы көктемде жыртылған жерлерге егілген үстіміздегі жылдан өзгеше, 1955 жылы егістер негізінен алғанда өзірленген жерлерге, көтерілген тың мен жыртылған зябке егіледі. 1954 жылғы 20 октябрьге дейін 7,7 миллион гектар зябь [illegible]

колхоздарда бір трактордың жұмыс өнімі бүкіл 1953 жылғы бір трактордың жұмыс өнімінен 134 гектар асып түсті.

Быйыл қол жеткен алғашқы және маңызды табыстар колхозшылардың, МТС, совхоз қызметкерлерінің, ауылшаруашылық мамандарының, сондай-ақ егін жыйнауда колхоздарға зор көмек көрсеткен қалалардың жұмысшылары мен қызметшілерінің қажырлы еңбегінің нәтижесі болып табылады. Бұл табыстар партия мен үкметтің МТС-тер мен колхоздарды тракторлармен, комбайндармен және басқа ауылшаруашылық машиналарымен жабдықтауда Қазақстанның социалистік ауыл шаруашылығына көрсеткен орасан зор көмегінің нәтижесі, туысқан республикалардың, әсресе, Россия Федерациясы мен Украинаның механизаторлар кадрларымен және ауыл шаруашылығы мамандарымен көмектесуінің нәтижесі болып табылады.

Партия мен үкмет алға қойған міндеттерді жүзеге асыру жолындағы күрес үстінде республика партия ұйымдарының жұмысы қайта құрылып жатыр. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларын орындай отырып, партия органдары ауыл шаруашылығына басшылық ету дәрежесін арттырды. Басшылық неғұрлым іскер және нақты бола бастады. Партиялық -саяси және ұйымдастыру жұмысы едәуір жақсарды. Аудандық партия комитеттерінің МТС-тер мен совхоздарда нұсқаушылар топтарының құрылуы партия органдарын бастауыш партия ұйымдарына жақындатты, олардың залалтылығы мен инициативасын күшейтуге себепші болды. Село коммунистері жаңа жерлерді игеру жолындағы, колхоздар мен совхоздардың егіс даласында мол өнім алу жолындағы бүкілхалықтық күресті басқарды, бұқаралық социалистік жарыстың ұйымдастырушылары және жетекшілері бола бастады.

Алайда партиялық жұмыста әлі де елеулі кемшіліктер бар. Басшылық ету дәрежесі көбінесе өскелең міндеттерден кейін қалып келеді. Көп ретте шұғыл мәселелер кешігін шешіледі. Партия органдарының қарарлары әрқашан ұйымдастырушылық жұмыспен нығайтылып отырмайды. Колхоздарда, совхоздарда және МТС-терде шаруашылық қызметте партиялық бақылауды нашар жүргізетін бастауыш партия ұйымдары әлі де бар. Кейбір аудандық және облыстық партия комитеттері тек өндірістік мәселелермен ғана шұғылданып, саяси жұмысты умыт қалдырып жүр.

Қазақстанның алдына қойылған жаңа міндеттерге байланысты республиканың ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде үздіксіз өсін отырған көлемді жұмыстар партиялық басшылық дәрежесін будан да жоғары көтеруді, партия органдарының жұмыс әдістерін жетілдірулі талап етеді. Кадрларды іріктеп алу және [illegible]

кәзіргі уақытта ғана емес, сонымен қатар өткен уақытта да жеткілікіз болған бұрынғы жөндеу базасына сүйенеді. Жөндеу базасын өркендету кәзіргі уақытта ең шұғыл қажетті іс болып табылады. Алайда ССРО Совхоздар және Ауылшаруашылық министрліктері әзірше жайма-шуақ отыр.

Быйыл астық тазартатын машиналардың өте- мөте тапшылығынан орасан зор қыйыншылықтар бастан кешірілді. Егер тракторлмен жер жырту 100 процент, астықты комбайнмен жыйнау 98 процент қамтамасыз етілген болса, ал астықты тазарту жұмысы негізінен қолмен атқарылды. Мұның өзі колхозшылардың барлық күштерін дерлік өзіне тартып, астықтың ысырап болуына, астық сапасының төмендеуіне әкелім соқты. Келесі жылдың өнімін жыйнауға дейін Қазақстанның ауыл шаруашылығын дән тазартқыш машиналармен қамтамасыз ету—кезек күттірмейтін міндет.

Колхоздарда быйыл астық үшін жабық қырмандар мен жаппалар болмады, астық ашық далада жатты. Әрбір жауыннан кейін астықты аударыстырып, оның бүлікуіне жол бермеу үшін колхоздардың барлық адамдары жұмысқа шығуға тиіс болды. Бұл орасан зор жұмысшы күшін өнімсіз пайдалану болды. Жауын-шашынды күн жағдайында астық шіріп кетуі мүмкін. Алда тұрған міндет сол —келесі жылдың егін орағы басталғанға дейін барлық колхоздар мен совхоздарда жабық қырмандар мен жаппалардың салынуын қамтамасыз ету керек.

Біз Қазақстанның жағдайында астық қоймаларын негізінен тек темір жолдар мен су жолдарының бойында ғана салу практикасы қолайлы емес деп санаймыз. Мұның өзі егін орағы қызған кезде «Заготзернонын» алыстағы пункттеріне астық тасу үшін бүкіл автотранспортты дерлік жегуге, егін жыйнауды кідіртуге және астық ысрабын молайтуға әкеп соғады. Келесі жылы егіс көлемінің шұғыл ұлғаюына байланысты мұның өзі барлық істің барысына әсер ететін қыйыншылықтар тудырады. Сондықтан мемлекеттік астық қоймаларын тікелей астық өндіретін аудандарда салу жұмысын өрістету керек, жанан өтетін жолдарға жақын әрбір совхоз бен МТС-те, аудан орталықтары мен ірі астықты колхоздарда қоймалар салу керек. Мұндай қойма жүйелерінің болуы астықты жабық қырманға тез жыйнап алуға, астықтың маңайы үйілін қалмауына мүмкіндік береді. Астықты жыл бойына аспай-саспай тасуға болады. Сонымен бірге мұның өзі теміржолшылардың жұмысты неғұрлым жөспарлы түрде істеуіне, астық тасымалы қызған кезде басқа жүктерді тасуды тоқтатпауға жағдай туғызады.

Келесі жылы астық жыйнауды толық [illegible]

делген, оны жүргізу әдісі халыққа анағұрлым мол негізгі түрі болып отырғандығына қарамастан, тиісінше ұйымдастырылмаған.

Республикада жемшөп базасын ұйымдастыру және нығайту жөніндегі шұғыл мәселелер ұзақ уақыт бойы шешілмей келді. Барлық мал тек табиғи шабындықтар мен жайылымдық ресурстарында ғана бағылды, оның өзі қанағаттанғысыз пайдаланылды. Жемшөп әсіру, еңалдымен құнарлы жемшөп өндіру, сол сыяқты шөп егу жете бағаланбай, нашар өрістетілді. Сүрленетін дақылдар егу жоспары мейлінше аз болды, бірақ оның өзі де орындалмады. Тамыржеміс егу енгізілмеді.

Колхоздар мен совхоздар үнемі шөп мол шығатын жылдары пішен жыйнауды арттыру есебінен ауыспалы ірі қонжылдық запас жасап алу мүмкіншілігін пайдаланбады, оңдай запас жасау көп малды шөп шықпаған жылдары шығынсыз бағуға және оны қолайсыз қыс жағдайларында сақтауға мүмкіншілік берген болар еді. Осы себептердің салдарынан қоғамдық мал жемшөптің болмауынан үнемі қатты қыйыншылыққа ұшырап, көп малдың шығын болуына жол берілді.

Сол сыяқты, әсресе қысқы жағдайда малдың нашар күтілуі мал шаруашылығын онан әрі өркендетіп, оның өнімділігін арттыруды тежеп келді. Әсресе қысқы мал жайылымдарында және соның ішінде қысы қатты облыстарда да малдың басым көпшілігі ашық далада бағылады.

Партия, совет және ауылшаруашылық органдары, колхоздар, МТС-тер мен совхоздар быйылғы жылы жемшөп базасын нығайту жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізді. Бір миллион тонна жай жемшөп әзірленіп, өткен жылғыдан 260 мың тонна жемшөп артық сүрленді. Мал қораларын, әсресе қамыстан қой қора салу едәуір кең өрістеуде.

Қазақ ССР-нің партия ұйымдары, совет және ауылшаруашылық органдары, МТС-тері, колхоздары мен совхоздары кәзір өзінің алдына мал шаруашылығында елеулі өзгеріс туғызу, таяудағы жылдар ішінде колхоздарда мал басын едәуір көбейту, оның өнімділігін және товарлы өнім өндіруді арттыру міндетін қойып отыр. Осының негізінде колхоздар мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруды және сатуды, жергілікті рыноктерде сатуды, арттырады, колхозшылардың еңбекқуніне мал шаруашылығы өнімдерін беруді арттыруды және мал шаруашылығынан колхоздар мен колхозшылардың табысын арттыруды қамтамасыз етеді. Кәзір Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі белгілеп жатқан шараларда малшылардың өзінің еңбегі нәтижесіне материалдық ынталылығы, олардың еңбегін ұйымдастыруды жақсарту және әсресе, мал жайылымды аудандарда малшыларға тұрмыстық жағдай туғызу,

Астық өндіруді арттырудамыз

Шығыс Қазақстанның ауыл шаруашылығының еңбекшілері партия мен үкметтің товарлы астық өндіруді арттыру жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыруда. Біздің облыстың колхоздары быйыл мемлекетке астықты өткен жылғыдан 13 миллион пұт көп тапсырды және сатты. Колхоздар тек мемлекетке астық сатудан ғана қосымша 100 миллион сомға жуық табыс енгізді. Киров ауданының Киров атындағы, Предгорный ауданының Ленин атындағы артельдердің және басқа бірқатар озат шаруашылықтардың кассаларына астық шаруашылығынан 2-4 миллион сомнан табыс кірді.

Облыстың механизаторлары жаңа жерлерді жоспарда белгіленгенінен екі есе көп жыртты, оның ішінен 50 мың гектар жерге қатты бидай мен тары екті. Игерілген тың жер әр гектарынан жүз пұттық өнім берді.

Шығыс Қазақстанда әлі игерілмеген көптеген құнарлы жерлер бар. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мамандарының барлаушы отрядтары күзде ауылшаруашылық айналымына қосу үшін орасан көп жер участоктерін зерттеді. Егіске жарамды 200 мың гектар жер бар екені анықталды, бұл жерлер дәнді дақылдар егу үшін таяу уақытта жыртылады.

Осы уақытқа дейін бізде тың және тыңайған жерлерді игерумен тек колхоздар мен МТС-тер ғана шұғылданып келді. Алдағы жылы бұл жұмыстың көлемі 1954 жылғымен салыстырғанда екі жарым есе ұлғайтылатындығына байланысты бұл жерлерді игерумен кәзір Таврия және Ұлан аудандарында құрылып жатқан жаңа астық совхоздары да шұғылданады. Лениногорскі мен Зырянның жанындағы тың жерлерде кенді Алтайдың кеншілері мен металшыларына овощь және картоп өндіретін совхоздар да ұйымдастырылады.

Шығыс Қазақстанның көптеген колхоздары қуаңшылық аймақта орналасқан. Мұнда масақты дақылдардан жоғары және тұрақты өнім алуды қамтамасыз ету үшін жаңа жерлерге егілген егінді суаруға арналған ирригациялық системаларды жасау белгіленді. Мамандар Марқакөл, Зайсан және Тарбағатай аудандарында ірі су қоймаларын жасаудың жобаларын дайындауда. Бұл қоймаларға қар суы мен таудағы бұлақтардың суы жыйналады. Бұл су қоймалары алыстағы ондаған елді пункттерді, Киров, Таврия және Предгорный аудандарының бірсыпыра шаруашылықтарын электрлендіруге мүмкіндік туғызады. Егінді қолдан суаруға арналған қондырғылар Өскемен СЭС-нің электр қуатымен жұмыс істейтін болады. Таяу уақытта бұл аудандарда мемлекеттік электр жүйесінен жоғары вольтті электр сымының жолы тартыла бастайды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру

туда.

Республика астық тапсырудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Мемлекетке барлығы 231 миллион пұт астық тапсырылды. Мұның өзі өткен жылдардың қайсысынан болса да республикада дайындалған астық мөлшерінен едәуір асып түседі. Бүкіл дайындалған астықтың 70 процентінен көбірегі—бидай. 14 миллион пұт тары дайындалды. Бұл соңғы бес жылдың бәрін қосып есептегендіген артық.

Быйылғы жылғы астық дайындаудың табысты болуында партия мен үкеттің дайындау системасына енгізген, колхоздар мен колхозшылардың материалдық әл-ауқатын нығайтуға бағытталған өзгерістер орасан зор роль атқарды, бұл өзгерістер колхозшылардың өз еңбегін нәтижелі етуге және мемлекетке өнім тапсыруды ұлғайтуға ынталылығын едәуір арттырды.

Быйыл колхоздар мен колхозшылардан 70 миллион пұт астық сатып алынды, ал өткен жылы небары 3,3 миллион пұт астық сатып алынған болатын; осы жылдарға сәйкес ет 13 мың тонна орнына 60 мын тонна, сүт 14,8 мың тонна орнына 66,4 мың тонна сатып алынды. Өткен жылға қарағанда, картоп, овощь және бақша дақылдары 33 мың тонна, жемістер —10,5 мың тонна, жұмыртқа—21 миллион дана артық сатып алынды.

МТС-тердің жұмысы үшін тапсырылған счеттар бойынша және мемлекеттік сатып алу бойынша мемлекетке астық әлі де тапсырылуда. Колхоздар тұқым қуюды аяқтап келеді, колхозшылардың еңбегіне заттай және ақшадай табыстар берілін жатыр. Республика колхоздарының ақшадай табыстары 1953 жылғы 2,1 миллиард сом орнына быйыл 4,5 миллиард сомға жеткелі отыр. Быйылғы 1 октябрьде колхоздардың банктердегі ағым счеттарында болған ақша қаражаты 1953 жылдың осы уақытындағыдан 7,5 есе көп. Колхоздардың құрылыс үшін, колхоз шаруашылығын онан әрі жақсарту үшін және еңбеккүнге ақшадай ақы төлеуді арттыру үшін жұмсайтын көп қаржысы бар.

Колхоздардың, сол сыяқты, колхозшылардың табыстарының ұлғаюын Павлодар облысының мысалынан көруге болады. Тек мемлекетке өткізген және сатқан астығы үшін облыстың колхоздары 320 миллион сом ақша алады. Облыстағы 184 колхоздан 150 колхоз 1 миллион сомнан 7 миллион сомға дейін табыс алғалы отыр. Ал, 1953 жылы осы уақытта тек 17 колхоз ғана миллион сомнан аса табыс алған болатын. Еңбекке жарайтын әрбір колхозшы орта есеппен еңбеккүндеріне бір тоннадан аса астық және әрбір еңбеккүнге 5-7 сомнан ақша алады.

Үстіміздегі жылы МТС-тердің қызметкерлері едәуір табыстарға жетті. 25 октябрьге дейін олар өткен жылғыға қарағанда (шартты жырту есебінен), 15 миллион гектар жердің жұмысын артық тапсырды. Республиканың 7 облысы кәзірдің өзінде трактор жұмыстарының жылдық жоспарларын орындап шықты. Осы күнгі мәлімет бойынша бір трактордың жұмыс өнімі 45 гектарға ұлғайған.

Қазақстанның совхоздарында трактор паркін пайдалану жұмысы мықтап жақсарды. Өткен жылдары көп совхоздардағы шаруашылық өте нашар жүргізілін келген. Быйыл 25 сентябрьдің өзінде-ақ сез-

орындалуын тексеруді жақсарту керек, жергілікті партия ұйымдарының белсенділігі мен инициативасын дамытып, партия тұрмысының практикалық мәселелеріне жанды басшылықты күшейту керек.

Әсресе, аудандық партия комитеттеріне қойылатын талаптар ерекше өсіп отыр. Тың жерлерді игеруге байланысты аудандардың шаруашылығы зор және күрделі шаруашылыққа айналып келеді. Мысалы, Көкшетау облысының Рузаев ауданы 1955 жылы 500 мың гектар, ал Ақмола облысының Есіл ауданы 1956 жылы—1 миллион 200 мың гектар егін егеді. Мұның өзі өткен жылдағы бүкіл Ақмола облысы еккен астық егісімен тең. Мұндай көлемдегі шаруашылыққа басшылық ету үшін аудандық комитет өз жұмысын мейлінше жақсартуға, бастауыш партия ұйымдарының жауынгерлігін арттыруға, жергілікті совет және шаруашылық органдарының инициативасын дамытуға тиіс.

Быйылғы жүргізілген жұмыс Қазақстанда бар құнарлы тың жерлерді онан әрі игерудің орасан зор мүмкіншіліктерін сарқып қойған жоқ. 1956 жылғы егіс үшін 1955 жылы 10 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді жырту белгіленіп отыр. Арнаулы экспедициялар быйыл Қазақстанда 80 миллион гектардан аса жер зерттеді. Колхоздар мен совхоздардың пайдаланындағы, сондай-ақ мемлекеттік қордағы жерлерден жыртуға жарамды 15 миллион гектар тың және тыңайған жер анықталды. Бұл жерлердің негізгі көпшілігі — 8 миллион гектарға жуығы жаңа, ірі астық совхоздарын ұйымдастыру үшін бөлініп отыр.

Қазақстанда быйыл құрылған 93 ірі астық совхозының тәжрибесі кәзіргі уақытта **жаңа совхоздар ұйымдастыру тың және тыңайған жерлерді жаппай игеріп, астық өндіруді ұлғайтудың неғұрлым қолайлы формасы болып табылатынын көрсетеді.** Зор егістік алаңы бар социалистік шаруашылыққа тән жоғары дәрежелі ұйымшылдығымен, еңбекті дұрыс ұйымдастыруымен және техниканы тиімді пайдалануымен кәзге түсетін арнаулы астық совхоздары елімізге анағұрлым арзан астық береді. Үстіміздегі жылдың өзінде Павлодар және Ақмола трестерінің совхоздары жоспардағы құнынан төмен арзан астық беріп отыр.

Кәзір Қазақстанда 300-ден аса жаңа астық совхоздарын ұйымдастыру жөнінде жұмыстар жүргізілін жатыр. Жаңадан ұйымдастырылатын совхоздар үшін көптеген басшы кадрлар керек. Орталық усадьбаларға керекті орындар таңдап алынуда. Усадьбаларды шаруашылық жағынан көркейту, пәтер үй құрылысы, сумен жабдықтау, жер участоктерін бекіту жөніндегі жұмыстарды өрістетуге әзірлік, тың жерлерді игеруге келе жатқан леклек еріктілерді қабылдауға әзірлік жүргізілін жатыр.

Жаңадан құрылатын совхоздардың қызметкерлері алдына 1955 жылы 1955—56 жылдардағы егіс үшін тың көтеріп, 1955 жылғы көктемнің өзінде әрбір совхозға 2—4 мың гектар егін егу, сәйтіп, 1956 жылдың көктемгі егісін тұқыммен толық қамтамасыз ету міндеті қойылады.

Тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі тарихи маңызды жұмыстарды жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстанда

лион гектар көп деген сөз. Топырақ ылғалының запастары күзден бастап тың жерлердің аудандарында быйыл жаман емес.

Дегенмен топырақтың ылғалмен қамтамасыз етілуін арттыру жолындағы күрес кәзір келесі жылғы егіннің тағдыры үшін ең күшті, ең басты міндет болып табылады. Быйыл тың және тыңайған жерлерде жаппай ықтырма егілді. Кәзір барлығы 2,2 миллион гектар ықтырмалық пар бар. Қалған егіс көлемінде пар жырткыштардың көмегімен күшті қарқынмен қар тоқтатылуға тиіс.

Колхоздар мен совхоздар тұқымды дұрыс сақтап, оның өнгіштігін сақтау үшін қажетті шаралардың бәрін қолдануға тиіс. Мұның өзі колхоздар мен совхоздардың жыл сайын көктемде мемлекеттік қоймалардағы тұқымды айырбастап алатын әдетінен құтқаруға тиіс. Мұндай айырбастаудың өзі көптеген күш пен қаражатты алып кетеді, ал мұндағы басты бір нәрсе—ол мынаған әкеліп соғады: тұқымын айырбастаған колхоздар мен совхоздарда климатқа көндіккен тұқымды емес, қайта кездейсоқ тұқымды өсуге тура келеді. Мұның өзі тұқым шаруашылығын апатқа ұшыратып, егін шығымдылығын төмендетеді.

Тыңның көп игерілуіне байланысты бұл жерлерде шаруашылықты жүргізу системасының маңызы ерекше артып отыр. Бірақ ССРО Ауыл шаруашылығы, ССРО Совхоздар министрлігі және Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым Академиясы тіпті осы жылғы 17 сентябрьге дейін істеуге тиісті бола тұрса да, мұндай система әлі зерттеліп шешілген жоқ.

Бұл система ауылшаруашылық ғылымы мен практиканың кәзіргі табыстары негізінде зерттеліп шешілуге тиіс. Біздіңше, Т. С. Мальцевтің 5-6 танапты ауыспалы егісін тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарда толық қолдануға болады. Оның өңдеу системасы да республиканың барлық аудандарында қолданылуға тиіс. Қазақстан колхоздары мен совхоздарының егіс даласында быйыл Т. С. Мальцевтің системасын бір сарынмен емес, Қазақстанның әртүрлі жағдайларына бейімделп қолдану үшін, сол система бойынша егін шаруашылығын жүргізудің кең тәжрибесі жасалды.

Жаңа жерлерді игеру жөніндегі жұмыста, әсресе, үстіміздегі жылдың көктемгі егісі, егін жыйнау мен астық дайындау жұмысы кезінде болған қиыншылықтар мен кемшіліктерді айта кету керек. Көптеген кемшіліктер көлемі орасан зор жұмыстарды әзірлеу мерзімінің өте-мөте қысқалығынан туды. Алайда кейбір қиыншылықтар мен елеулі кемшіліктер абайламағандықтан және көптеген партия, совет және ауылшаруашылық органдарының тиісті ұйымдастырушылық жұмысы жоқтығынан, сондай-ақ ССРО Совхоздар министрлігі, ССРО Ауылшаруашылық министрлігі және республикалық ұйымдар тарапынан оперативті басшылықтың жетпіксіздігінен болып отырды.

Республикада кәзір тракторлардың, комбайндардың және басқа ауылшаруашылық машиналарының қуатты паркі, сондай-ақ екі есе дерлік ұлғайған үлкен автомобиль паркі бар. Бірақ бұл парк

лу программасы дайындау министрлігінен басқа, бұл іспен совхоздар, МТС-тер және колхоздар шұғылданған күнде ғана орындалуы мүмкін.

Кәзір жаңа совхоздар мен МТС-терде пәтер үй, тұрмыс және шаруашылық құрылыстарын салу жұмысы ерекше кең өріс алды. Бірақ әртүрлі жобалау ұйымдары жасаған ССРО Совхоздар министрлігі мен Ауылшаруашылық министрлігі қабылдаған негізгі үлгі құрылыстардың жобалары шешілмеген және артта қалған жобалар болып отыр. Неліктен екені белгісіз, селолық жерлерде, совхоз, МТС-терде барлық құрылыстар тек қана бір қабатты болуға тиіс деген пікір терең тамыр жайған, ал, айталық, кәзіргі құрылыс материалдарын қолданғанда МТС мастерскойларын екі және тіпті үш қабат етіп салуға болар еді. Бірінші қабат жөндеу мастерскойы, екінші қабат-механикалық цех, аспансайман мастерскойы болар еді, ал егер үшінші қабат бола қалса, контора, қызыл бұрыш және сондайлар болар еді. Мұндай үйдің іргесі біреу, төбесі де біреу құрылысты салу мерзімі жағынан да, материал және қолайлылық жағынан да осындай айқын утқандық болар еді. Экономика мен архитектура тұрғысынан қарағанда, мұндай құрылыстар совхоздар мен МТС-тердің кәзіргі құрылысының қажетіне көбірек сай келеді.

Құрылысқа байланысты совхоздар мен МТС-тердің жаңа поселкелерін жоспарлау сыяқты мәселеге де соқпай өтуге болмайды. Бұл іске әзірше тиісінше басшылық жоқ. Поселкелерде жоспарлау ісімен жаңа совхоздар мен МТС-терге келіп жатқандардың өздері шұғылданып жүр. Олар жоспарларына көп мөн- мағына береді. Бірақ бұл арада қателіктер де аз емес, амал не архитектура жұртшылығы, мұның ішінде Москвада да, жаңа қалалар мен поселкелердің мүқтажына құлақ салған жоқ.

Тың және тыңайған жерлерді игеру міндеттерін орындай отырып, Қазақстанның партия ұйымы СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының: мал шаруашылығын, еңалдымен қоғамдық мал шаруашылығын неғұрлым тез өрге бастырудың еліміз үшін өмірлік ерекше маңызы бар және ол кәзіргі уақытта партия мен мемлекеттің ауыл шаруашылығындағы ең шұғыл міндеті болып табылады деген нұсқауларын ұмытпайды.

Қазақ ССР-інде мал шаруашылығын, әсресе, қой шаруашылығын күшті қарқынмен өркендетіп, оның өнімділігін арттыру үшін орасан зор резервтер бар. Қазақстанның ұшан-теңіз шалғындары мен жайылымдары, өзен жағаларындағы аса мол шөптер, тау бөктеріндегі шалғындар құнарлы жемшөп өндіруді ұлғайтумен және өркендеп келе жатқан астық шаруашылығы беретін мал азығымен ұштастырғанда олар жоғары қарқынмен өркендеген өскелең мал шаруашылығы үшін берік жемшөптік база болады. Солай бола тұрса да, Қазақстанның мал шаруашылығы әзірше шабан өркендеп келеді және артта қалған, өнімділігі төмен шаруашылық болып табылады. Қой шаруашылығы Қазақстандағы мал шаруашылығының жергілікті жағдайларға анағұрлым бейім-

салу, жемшөп базасын кеңейту және мал шаруашылығын сумен қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше маңыз берілуде.

Кең көлемде тың және тыңайған жерлер игерілуіне байланысты, мал шаруашылығын бұрынғыдан да тиімді жүргізу мақсатымен мал басын орналастыру жоспарына кейбір өзгерістер енгізу белгіленіп отыр.

Астық өндіретін аудандардың колхоздары мен совхоздары етті-сүтті мал шаруашылығын, шошқа семіртуді және құс өсіруді тез өркендетуге тиіс. Оңтүстік, орталық және батыс Қазақстанда, сол сыяқты, Солтүстік- Батыс облыстарының жайылымдық алаңдары көп алыс аудандарында қой шаруашылығын өркендету кенінен өріс алуы керек. Таяудағы төрт жылда колхоздар мен совхоздарда қой саны екі есе көбейтілуге, ал колхоздарда биязы жүнді, жартылай биязы жүнді және жартылай қылшықты қойын үлес салмағы 1958 жылы кемінде 60 процентке жеткізілуге тиіс.

Қазақстан таяудағы жылдар ішінде ССРО-ның шығыстағы негізгі социалистік мал шаруашылығы базасына айналдырылуы, елімізге жүн және етті мол тапсырушы болуы керек. Республиканың табиғаты қандай әртүрлі және бай болса, Қазақстанның кең территориясында ауыл шаруашылығы да сондай әртүрлі. Мұнда селеулі шексіз құнарлы тың алқап бар. Оңтүстік Қазақстанда мақта және күріш алаңдары орналасқан, нәзік грек жаңғағы, бадам ағашы, пісте өседі және ашық далада жүзім қыстайды. Тянь-шан тауының етегіндегі облыстарда республиканың аса бай ауылшаруашылық аудандары бар, олардың жері таудан ағатын сансыз көп өзендердің суымен суарылады. Бұл аудандарда қант қызылшасы, қош иісті темекі, күнжүт егісі орналасқан, оларда бақша шаруашылығы дамытылған. Мұнда техникалық дақылдарды —мақта, қант қызылшасы және басқаларын өрістету үшін зор мүмкіншіліктер бар. Сыр- Дария өзенінің атырауында күріш өндіру едәуір кеңейтілуге тиіс. Кәзір кең алқапты жерді суару жөніндегі шешуші мәселе —Сыр- Дарияда Қызылорда плотинасының құрылысы аяқталып келеді, Арыс— Түркстан каналының құрылысы басталды, бұл канал жүз мыңдаған гектар аса құнарлы жерге су беріп, Оңтүстік Қазақстанда мақта шаруашылығын едәуір кеңейтуге мүмкіншілік туғызады.

1954 жыл Совет мемлекетінің тарихына тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі ұлы жұмыстар басталған жыл болып енеді. Қазақстанның партия ұйымы мен еңбекшілері астық өндірісін шұғыл арттыру, мал шаруашылығын өркендету, техникалық дақылдар өндірісін кеңейту, Қазақстан индустриясын бұдан былай да дамыта беру және еңбекшілердің материалдық әл- ауқатын жақсарта беру жөнінде республиканың алдында тұрған міндеттердің барлық жауапкершілігі мен күрделілігін айқын түсінеді. Қазақстанның партия ұйымы, бүкіл қазақ халқы Коммунистік партия мен Совет Үкметі республиканың алдына қойған ұлы міндеттерді орындау жолында зор өрлеумен және творчестволық жігермен еңбек етуде.

(«Правда», 27 октябрь).

ғыс Қазақстанның егіншілеріне таяудағы екі жылдың ішінде астық өндіруді кем дегенде бір жарым есе арттырып, колхоз өндірісінің табысын шұғыл молайтуға мүмкіндік туғызады.

А. БЕЙСЕНОВ,
Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің председателі.

Маусымына 1400 гектар егін жыйнадық

Біздің комбайн агрегатының коллективі Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу правосына ие болды. Бүкіл маусым бойына жұмысты бірге істеген балам мен өзім жуықта Отанымыздың астанасы —Москвадан келдік. Көрмеге барғанға дейін 30 жұмыс күні ішінде біз Ворошилов атындағы, Киров атындағы, «Коминтерн» колхоздарында және Коопин совхозында 1400 гектар бидай, арпа, тары және күнбағыс жыйнап, 15 мың центнерге жуық астық бастырдық.

Біз жұмыстың алғашқы күндерінен бастап сағаттық графикті қолданып, машиналарға техникалық күтім жасаудың ережесін бұлжытпай орындап отырдық. Біздің «Сталинец-6» комбайнымыз алдыала белгіленген маршруттар бойынша жүріп отырды. Агрегаттың барлық мүшелері ұйымшылдықпен жұмыс істеді. Мұның арқасында күн сайын орта есеппен 45 гектардан егін жыйнадық. Кейбір күндері жыйналған егінніңмөлшері 70 гектарға жетті.

Мен комбайншы болып, міне, 21 жыл істеймін. Бұл уақыт ішінде астықтың ысырабына жол бермеу жөнінен мол тәжрибе алдым. Біз егіннің қандай болып өскеніне қарай әр жолы ретінде комбайнды қайта жабдықтап, реттеп отырдық. Мысалы, аласа егінді жыйнағанда оны біркелкі таза ору қыйын. Біз мотовилоның қалақтары егіннің сабағын кескіш аппаратқа қарай қатты қайыруы үшін мотовилоны барынша төмендетіп, оның айналымын тездеттік.

Біз егінді ойдағыдай және ысырапсыз жыйнап алдық. Кәзір келесі жылы бұдан да жоғары жұмыс өнімділігіне жету үшін машиналарды жөндеуге кірістік.

П. ЛАХНО,
Ақтөбе облысындағы Қызылжар МТС-нің комбайншысы.

2340 гектар зябь жыртылды

Преснов МТС-інің қамтуындағы «Новый свет» ауылшаруашылық артелінде № 6, 7, 27 трактор бригадалары жұмыс істейді. Механизаторлар техниканы өнімді пайдаланудың нәтижесінде, жоспарда көрсетілген 2340 гектар зябьті жыртуды 5 октябрьде толық орындап шықты. Зябь жыртуда, әсресе Казин жолдас басқарған № 6 трактор бригадасының механизаторлары жоғарғы көрсеткіштерге ие болды. Озат трактершылар Родионов, Кунгурцев жолдастар өсеналық тапсырмаларын орындауды 110 процентке жеткізіп отырды. Бригада коллективі сапалы зябь жыртумен бірге жүздеген килограмм жағар, жанар майларын үнемдеді.

И. СМАҒҰЛОВ

МИЛЛИОН ПҰТ АСТЫҚ ТАПСЫРДЫ

Жер байлығы игерілуде

Біздің трактор бригадамыз Қазақстанға Украинадан келген алғашқы қоныстанушылармен бірге келді. Біздің Федоров ауданының, Жаркөл МТС-нің қамтуындағы Калайда атындағы колхозға жаңа жер игеруге жіберді. Егіс жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап бригада машиналардың өнімділігін арттырудың жолдарын іздеп тапты. Барлық механизаторларға бүкіл маусым бойынша тракторлар бекітіліп берілді. Бұл, тәжрибе көрсеткендей, техниканы жақсы сақтауға мүмкіндік береді. Тракторларды пайдаланудың техникалық ережелерінде көрсетілгендердің бәрі тез, мезгілінде, жақсы орындалды. Біз сағаттық графикті енгіздік, тракторларға май және су құю жұмыстарын бораздада жүргізетін болдық. Тракторларды топпан пайдалану әдісі жақсы нәтиже берді. Мұның нәтижесінде еңбек өнімділігін 20 процент арттыруға мүмкіндік туды. Мұнымен қатар біз тыңды өңдеудің сапасына зор көңіл бөлдік, жердің жоғарғы қабатын толық аударып 25 сантиметр тереңдікте жырттық, сөйтіп бұдан соң тырмаладық. Бұдан кейін егістік көлденеңінен және ұзына бойынан дискалачды. Көктемгі егісте көтерілген тыңды маллауды қолдандық. Бұл агротехникалық әдіс егіннің шығымдылығын көп арттырды.

Бригада барлық өндірістік мәселелерді комсомол жиналыстарында талқылайды. Механизаторлар жиналыстарда тәжрибелерін ортаға салады, қателіктерді, машиналарды пайдалану ережелерін және агротехниканы бұзуды талқылайды. Бұл бізге еңбек тәртібін нығайтып, артта қалғандарды озаттар дәрежесіне жеткізуге көмектеседі. Комсомол ұйымының секретары трактористі Виктор Денисенко механизаторлардың жарасты, мәдениетті тығыуын ұйымдастыра білді.

Қажырлы, табанды еңбек істеу жоғары көрсеткіштерге жетуге көмектесті. Бригада 15 аттың күші бар әр тракторман 1100 гектар жер өңдеуге міндеттеме алған болатын. Кәзір 1.320 гектардан жер өңделіп отыр. Жылына жоспар бойынша бір жарым мың гектар тың көтерудің орнына біз 2.730 гектар тың көтердік, кыс түскенге дейін тағы 300 гектар тың жер жыртқалы отырмыз. Виктор Денисенко «С—80» тракторымен 964 гектар тың көтерді, Иван Каблучай «ДТ—54» тракторымен —784 гектар, Степан Опока—678 гектар тың жер жырытты.

Көршілес «Красный Октябрь» колхозында жұмыс істейтін Леонид Дегтяренконың трактор бригадасымен жарысу біздің табысқа жетуімізге едәуір көмектесті. Міндеттемелердің орындалуын біз апта сайын өзара тексеріп, бір-бірімізге әрқашан көмектесіп отырдық, өзара тәжрибе ауыстырдық.

Мен және тракторшылар Виктор Денисенко мен Иван Малыш Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде болдық. Көрмеде біз көп жаңалықты, өнеге болларлықтай жетістіктерді көрдік. Олардың көбін өзіміздің бригадада қолдануды ойлап отырмыз. Кәзір тың жерлерде топырақты баптаудың Т. С. Мальцев ұсынған жаңа системасының пайдалылығын тексеру жөнінде тәжрибе жасаудамыз. 35 гектар жерді қайырмасыз плуттармен жырттық. Көтерілген тыңдағы ақызды күзде және көктемде дискелеу жөнінде тәжрибе жүргізудеміз.

Быйыл Калайда атындағы колхоз, әсресе тың жерде бітік егін өсірді. Мемлекетке астық тапсыру жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Тек мемлекетке сату ретінде ғана 9 мың центнер астық сатылды. Колхоздың табысы кәзірдің өзінде 1.360.000 сомға жетті. Таяу жылдарда егіс көлемі, егіннің шығымдылығы, артельдің табысы бірнеше есе өсуге тиіс. Бұған жаңа жерлерді онан әрі игеру есебінен қол жетеді. Мұнда тек біздің бригада ғана 1955 жылы бір жарым мың гектар тың және тыңайған жер көтереді.

И. РУДСКИЙ,
Қостанай облысындағы Жаркөл МТС-нің трактор бригадасының бригадирі.

Мемлекетке астық сатудан 5 миллион сом табыс алынды

Быйылғы жылы біздің ауылшаруашылық артелінің жерді пайдалану картасы танымастай болып өзгерді. Мемлекет бізге боздық далаларды құнарлы егістіктерге айналдыруға көмектесті. Партия мен үкметтің астық өндіруді арттыру жөніндегі қарарларын орындай отырып, біз тыңға шабуылды өрістеттік. Колхоз быйылты жылдың өзінде 3 мың гектар жаңа жерлерді игеріп, егіс көлемін 12 мың гектарға жеткізді.

Быйыл көктем қолайсыз, ал жаз ыстық әрі қуаң болды. Алайда, жерді өңдеудің жоғары агротехникасын қолданудың және егінді жақсылап баптаудың арқасында көп көлемді участоктерде тамаша егін өсірілді. Сочный және Киснеро жолдастардың бригадалары баптаған үлкен жаңа жер участоктерінің әр гектарынан 20 центнер бидай алынды. Бай техниканы шебер пайдаланып, агротехникалық озат тәсілдерді дұрыс қолданғанда жерді ауарайының қандай жағдайында болса да егіннен мол өнім беруге мәжбүр етуге болатынына быйылғы жылы біздің көзіміз жетті.

Біз егін орағын 20 күнде аяқтадық. Атсабар МТС-нің байырғы комбайншылары Иван Рыбалко, ағайынды Петр және Иван Белинскийлер артельде тамаша жұмыс істеді. Олар еліміздің атақты комбайншыларының үлгісі бойынша астықты неғұрлым көп бастыру үшін жарысып, бір маусымда 10—15 мың центнерден астық жыйнады.

Астықтың жалпы өнімі есептелді. Колхоз быйыл 1 миллион пұт товарлы астық жыйнады. Біз мемлекетке 500 мың пұттан аса астық тапсырдық және саттық. Біздің есеп айыру счетымызға сатылған астық үшін бес миллион сом түсті. Астықтан басқа колхоз елімізге көп ет, май, овощь және басқа ауылшаруашылық өнімдерін берді. Мал шаруашылығы мен овощь шаруашылығынан үш миллион сом табыс алынды.

Быйылғы жылы артель бірнеше автомашина, электр станциясына арналған жабдық сатып алады, колхозшылардың үйін радиоландырады. Астық шаруашылығынан түсетін табыстар мен мал азығы базасын нығайту негізінде біз өнімді мол беретін асыл тұқымды мал шаруашылығын өркендетеміз. Әр колхозшының үйі бір еңбеккүнге 15 сомнан ақша, 3 килограмнан астық алды. Көптеген колхозшылардың семьялары ақшадан ғана 20 мың сомнан аса алды.

Атбасар МТС-нің механизаторлары бізге 1955 жылдың егісі үшін 13 мың гектар тың жер көтеруге көмектесті. Біздің егістіктерімізде тракторшылар Леон Николаевский, Федор Одинец, Андрей Стригун қажырлылықпен жұмыс істеді. Олардың әр қайсысы тың көтеруде екі жылдың нормасын орындады. Біз алдағы жылдың жазғы егісіне арнап 25 мың гектар жер даярладық.

Н. БЕЛИНСКИЙ,

Егіннен мол өнім алудың негізі

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарлары ауыл шаруашылығын өркендетудің орасан зор перспективаларын ашты. Бұл Қарағанды облысы, Осакаров ауданының біздің МТС-тің қамтуындағы колхоздарының мысалынан көрінін отыр. Бес колхозды қамтыйтын станцияның машина паркінде 130 трактор, 100-ге жуық комбайн, 1000-нан аса тіркеме құралдар бар.

МТС механизаторлары 20 жылда 72 мың гектар жаңа жерді жырытты. Быйылғы жылы тағы 10 мың гектарға жуық тың жер көтерілді. Көп жылғы тәжрибе тың жерде бидай өсіру жөнінде бірқатар агротехникалық қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Біз тың жерді ерте, қысқа мерзімде көтереміз, тұқымның топыраққа сіңірілуіне зор көңіл бөлеміз. Сеялкалардың ізінше егінді міндетті түрде маллаймыз. Біздің МТС-тің тәжрибесі сонымен бірге жаңа жерлерге ықтырма етудің өте пайдалы екенін көрсетіп отыр.

МТС коллективі бірнеше жылдар бойына топырақты Т. С. Мальцевтің әдісімен өңдеу жөнінде тәжрибе жүргізіп келеді. 1952 жылы бірқатар колхоздарда Мальцев системасының ең маңызды элементтерінің бірі —егінді сыдыра жыртылған ақызға егу әдісі сыналды. Бұл жақсы нәтиже берді. «Путь к коммунизму» колхозында күзде және көктемде алдын ала сыдыра жыртылған көңжылдық шөп өсірілген участокке егілген «цезиум» жаздық бидайы басқа участоктердегіден өнімді едәуір көп берді. Үстіміздегі жылы «Заветы Ильича» колхозында 50 гектарлық участоктегі дискіленген ақызға жаздық бидай егілген болатын. Бұл участоктегі егіннің шығымдылығы әр гектарынан 15 центнерден, яғни колхоз бойынша егіннің орташа шығымдылығынан 3 центнер артық болды.

Станция механизаторлары машиналарды жоғары өнімді пайдалануға тырысуда. Олар комбайндардың конструкциясына ғана 20-дан аса түзетулер енгізді. Мұның арқасында Роман және Федор Нижебовскийлер тәулігіне 100 гектарға жуық егін жыйнап, көп астық бастырды. Олар сабан транспортерінің жұмыс істейтін мерзімін үш-төрт есе ұзартуға мүмкіндік туғызған тетік жасады. Комбайншылар Иван Юдин мен оның зайыбы Евдокия өздерін жаңашылдар ретінде танытып білді. Олар күн сайын нормадағы 18 гектар орнына 50 гектарға жуық егін жыйнап отырды. Комбайндардың босқа тұрып қалуына жол бермеу үшін Юдиндер Гәлля шынжырларын шаң-тозаң басудан қорғайтын кожух жасады.

Егіншілер мен механизаторлардың еңбегі еселеген нәтижесін берді. Біздің станцияның аймағындағы колхоздар астық тапсыру жөнінен облыста алдыңғы қатарлылардың бірі болып мемлекетпен толық есеп айырып, барлық егінді дер кезінде жыйнап алды, егіннің әр гектарынан 100 пұтқа жуық өнім жыйналды. Кәзір олардың табысы өткен жылғымен салыстырғанда үш есе артты.

Механизаторлар келесі жылдың егінінен мол өнім алуға негіз қалауда. Зябь жырту жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде. Быйыл бірінші рет егін егілген тың және тыңайған жерлерде дискелеу жұмыстары жүргізілуде. Быйыл отамалы дақылдар егілген жерлерде әдеттегідей жырту жұмыстарын жүргізбейміз. Оның өшқандай қажеттігі жоқ, өйткені бұл жерлер көктемде және жазда мұқият өңделген болатын. Олар тек қана үстірт қопсытылды, ал көктемде дәнді дақылдар егіледі. 1200 гектар жер қайырмасыз плуттермен терең жыртылады, бұл быйылғыдан үш есе артық.

Совет агрономия ғылымы беріп отырған жаңалықтардың бәрін енгізу бізге бұдан да зор табыстарға жетуге мүмкіндік береді.

И. КОЛЕСОВ,
Қарағанды облысы, Литвинов МТС-нің бас агрономы.

Егін ысырапсыз жыйналды

Лозов ауданы колхоздарының тың жерлерінде быйыл егіннен бітік өнім өсірілді, көп көлемді егіннің әр участогінен 100 пұттан және онан да артық астық алынды. Мұндай егінді жыйнауда жиі жауған жауындардың салдарынан болған қыйыншылықтар кездесті. Колхозшылар мен механизаторлардың жұмысты ұйымшылдықпен, қызу жүргізуі барлық қыйыншылықтарды жеңіп, егін орағын тез және ысырапсыз өткізуге жағдай жасады.

Біз егін жыйнауға мұқият әзірлендік, өйткені, астық үшін күрестің қызу күрес болатынын білдік. Біздің агрегаттағы «Сталинец-6» комбайндарының екеуіне де жиі егінді оруға және жаңбырлы күні орылған дәнді дақылдарды бастыруға арналған тетіктер орнатылды. Астықты қырманда қосымша тазартпай-ақ агрегаттардан тікелей дайындау пункттеріне жіберу үшін машиналарға өзіміз жасаған үшінші тазартқышты орнаттық. Түнде жұмыс істеу үшін комбайндарға электр шамы жабдықталды.

Буденный атындағы колхозда егін жыйнауда біз тәулігіне 20 сағаттан жұмыс істедік. Агрегаттың мүшелері жас механизаторлар Қарасев, Литвин, менің туыстарым Иван мен Яков, жиенім Леонид әрбір минутты жұмыс үшін пайдалануға тырысып, өз міндетімізді мұлтіксіз орындадық. Бункердегі астық комбайн жүріп бара жатқанда түсірілді. Машиналарға жанармай мен су тез құйылып отырды. Түскі үзіліс кезінде кезектесіп жұмыс істедік.

Мұның нәтижесінде агрегаттың тәулік тік жұмыс өнімділігі 60-70 гектар, ал кейбір күндері бұдан да артық болды. Орта есеппен әр гектарынан 100 пұттан арпа, 125 пұттан бидай бастырылды.

Жауынның жиі болуы біздің жұмысымызды өте қыйындатты. Бірақ мұндай күндері бізге қосымша тетіктер зор көмек көрсетті. Үлкен тың жер участогінде биік өскен сортты бидайдың жапырылып қалғаны әлі есімде. Бұл участоктің әр гектарынан 138 пұттан өнім алынады деп анықталған еді. Жыйнағанда астықтың ысырабы болмай қоймайтын сыяқты көрінді. Бірақ астықтың ысырабына жол беруге болмайды. Сондықтан біз осы егінді тез және ысырапсыз жыйнауға барлық күш- жігерімізді аямай жұмсадық.

Біз «Сталинец-6» екі комбайнынан құралған агрегаттпен быйыл 1.286 гектар дәнді дақыл жыйнадық. Бұған қоса, жүздеген гектар күнбағыс, шөп тұқымдары және сүрленетін дақылдар жыйналды.

Кәзір комбайндарды МТС усадьбасына әкеліп қойдық. Машиналар онша тозған жоқ. Оларды жеңіл жөндеуден ғана өткізу керек.

Тың жерлерде егіннен мол өнім алынуы бізді ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жолында қажырлылықпен еңбек етуге жігерлендіреді.

П. МУЗЫКА,
Павлодар облысындағы Назаров

Зор перспективалар

Батыс Қазақстанның совхоздары быйыл жүз мың гектарға жуық жаңа жер жырытты, бұл тапсырмада көрсетілгенінен едәуір көп.

Бірақ бұл үлкен жұмыстардың бастамасы ғана. Жүргізілген зерттеу жұмысы біздің совхоздарда егіске жарамды тағы 250 мың гектардай жер бар екенін көрсетті. Алайда, біздің мүмкіншіліктеріміз тек бұл ғана емес. Облыста мемлекет қорындағы және колхоздарда пайдаланылмай жатқан көптеген тың жер участоктері бар.

Мұндай көлемді жерді игеру жаңа астық совхоздарын ұйымдастыруды қажет етеді. Борлі, Зеленов және Жымпиты аудандарында кәзірдің өзінде осындай 6 [illegible] Орал ен жаңа істеуге тілек білдірген жүзге жуық бұрынғы жауынгерлер тракторшылық және комбайншылық мамандыққа үйрету үшін Орал және Каменск механикаландыру училищелеріне жіберілді. Белоруссия мен Украинадан жаңадан қоныстанушылардың алғашқы 40 семьясы көшіп келді. Біз жаңадан қоныстанушылардың бір жарым мың семьясын қабылдауға әзірленудеміз. Мұнымен бірге, туысқан республикалардан жоғары және орта дәрежелі арнаулы мектептерді бітірген жас мамандар агрономдар, инженерлер, техниктер келуде.

Жаңа жерлерді игерудің практикасы мынаны көрсетіп отыр: астық өндіруді арттыру үшін кәзіргі ауыспалы егіс ғанаптарын қайта қарап, көңжылдық шөп-

Тамаша қорытындылар

«Заветы Ильича» колхозында егіншілік артель шаруашылығының негізгі саласы болып табылады. Егіс көлемі жылдан жылға ұлғайтылып келеді. Быйыл егіс көлемі тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен тоғыз мың гектарға жетті.

Партия мен үкметтің астық шаруашылығын өркендету жөніндегі тарихи қарарларын жүзеге асыра отырып, біз Бородулиха МТС-і механизаторларының көмегімен астық өндіруді шұғыл арттырдық. Өткен көктемде 1200 гектар жаңа жер жыртылып, оған егін егілді. Барлық егіс алаңына негізінен бидай мен тары егілді. Жаңа жерлерді баптағанда озат агротехника ережелері мұлтіксіз сақталды. Тың жерлер шолақ түрені бар плуттармен 20-нерден астық бастырды. Быйыл колхоз ең таңдаулы жерлерге бірнеше жүз гектар бағалы жармалы дақыл—тары екті. Егіннен мол өнім алынды. Иван Пащенконың бригадасы 100 гектар тары егісінің әр гектарынан 29 центнерге жуық астық бастырды.

Бородулиха МТС-і механизаторларының, сол сыяқты, Украин ССР комбайншылары мен шоферлерінің көмегімен колхозшылар бітік шыққан егінді тез және ысырапсыз жыйнап, астық дайындау жоспарын дер кезінде орындады, тұқымдық және басқа қорлар құйды. Колхозшылардың еңбекқұнше аванс ретінде астық берілуде.

Егіншілердің еңбегінің ең тамаша нәтижесі шаруашылық жылының қоры-

совхоз құрылып жатыр. [illegible] техникамен қаруланған қуатты шаруашылықтар болады. Мысалы, Бөрлі ауданындағы Пугачев совхозы алдағы жылы 28 мың гектар, Зеленов ауданындағы Железнов совхозы—22 мың гектар тың жер көтереді. Совхоздар алдағы жылдың өзінде ғана 120 мың гектардан аса тың жыртады. Тағы 14 астық совхозын ұйымдастыру жобаланып отыр.

Жаңа шаруашылықтарға арналып 130 жылытылған егін вагондары, жүк және жеңіл автомашиналар, ауылшаруашылық техникасы және механизаторлар үшін жылы киім жіберілді. Кадрлар үздіксіз келіп жатыр. Жаңа совхоздарда жұмыс тердің орнына біржылдық шөптерді [illegible] қажет. Жергілікті жағдайда Т. С. Мальцевтің әдісін қолдану үлкен пайда келтіреді. Біздің бірсыпыра совхоздар кәзірдің өзінде осы система бойынша үш мың гектардан аса жерді баптауда. Қургандық жаңашылдың агротехникалық тәсілдері көп көлемді тың жерлерді баптауда бұрынғыдан да кеңінен қолданылады.

Жаңа жерлерді онан әрі игеру, ірі астық совхоздарын құру Батыс Қазақстанда астық шаруашылығын өркендетудің зор перспективаларын ашады.

С. КАЗАНЦЕВ,

Орал совхоздар тресінің директоры.

Тың жерлерді игеру—молшылыққа жету жолы

Павлодар МТС-нің механизаторлары мен мамандары партия мен үкметіміздің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыра отырып, жаңа жерлерді игеруде алғашқы табыстарға жетті. Станцияның директоры К. П. Пресняков КазТАГ тілшісімен әңгімесінде мынаны атты:

— Быйылғы жылы біз қамтуымыздағы колхоздарда жоспар бойынша 40 мың гектардың орнына 44 мың гектар тың және тыңайған жерлерді көтердік. Осы жердің жартысына жуығына дәнді дақылдар егілді. Топырақты баптаудың және тұқым себудің агротехникасын дұрыс қолданудың арқасында егіннен мол өнім алынды. Егіннің әр гектарынан жоспарда белгіленгенінен орта есеппен 5 центнер астық артық жыйналды. Тың жерде егіннің әр гектарынан 18,5 центнер өнім алынды.

Колхоздар игерілген тыңнан екі миллион пұтқа жуық астық жыйнады. Бұл олардың қоғамдық шаруашылығының онан әрі нығайтылуына көмектесті. 14-ая годовщина Октября атындағы колхоздың егін шаруашылығы жоғары дәрежеде өркендеген. Өткен жылы оның табысы 500 мың сом болған еді. Көктемде Михаил Иванов пен Аушахман Қошқаровтың трактор бригадаларына колхоз шаруашылығын астық өндіруді арттыру жолымен өркендетуге көмектесу міндеті жүктелінді. Механизаторлар барлық жұмыстарды белгіленген мерзімде жоғары сапалы орындады. Ивановтың бригадасы жылдық жоспарды екі еседен аса артығымен орындап, жұмыс істеген участоктерінде егіннен жүз пұттық өнім өсірді. Колхоз астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындап, мемлекетке 100 мың пұттан аса астық сатты. Артельдің табысы төрт еседен аса молайып, екі миллион сомнан асты.

Куйбышев атындағы, Киров атындағы, Тельман атындағы колхоздар сияқты ірі шаруашылықтарда тың жерлерді игеру бұдан да жақсы нәтиже берді. Егер өткен жылы біздің МТС-тің аймағындағы артельдердің жалпы табысы 7 миллион сомнан сәл ғана артық болса ,быйыл ол 30 миллион сомнан асып отыр. Өткен жылғыдай, үш колхоз ғана емес, ал 8 артельдің бәрі миллионер шаруашылықтарға айналды.

Қоғамдық шаруашылықтың нығайтылуы колхозшылар мен механизаторлардың материалдық әл-ауқатының арттырылуына жеткізді. Киров атындағы артельдің табысы 7 миллион сомнан асады, колхозшылар әрбір еңбеккүнге, басқа азықтүліктерді қоспағанда, 4 килограмнан астық және 10 сомнан ақша алады. Куйбышев атындағы артельдің мүшелері де еңбеккүндеріне осындай табыс алады.

МТС трактор жұмыстарының жылдық жоспарын 111 процент орындады. МТС машиналары колхоздарда жұмысты өткен жылғыдан екі есе көп атқарды. Егіншілікте еңбекті механикаландырудың дәрежесі 99 процентке жетті. Осыған байланысты төленетін заттай ақының мөлшері үш есе артты.

Біздің табыстарымыз —жаңа жерлерді игеру жөніндегі орасан зор жұмыстардың бастамасы ғана. Тың жерлерді игеру колхозшылар мен механизаторлардың алдынан тамаша перспективалар ашады. 1955 жылы біз тағы 30 мың гектарға жуық тың көтеріп, мұның жартысына көктемде егін егеміз. Біздің МТС-тің қамтуындағы колхоздар тары егісінің көлемін алдағы жылы бір жарым еседен аса ұлғайтады. Бұл дақыл быйыл әр гектарынан орта есеппен 22 центнерден, Маленков атындағы және Тельман атындағы колхоздардың кейбір участоктерінде әр гектарынан 30 центнерден өнім берді. Бидай егісінің көлемі екі есе ұлғайтылып, ол 40 мың гектарға жетеді.

Практиктер агрономиялық білім алуда

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Оралдың колхоз председательдерін даярлайтын орта дәрежелі ауылшаруашылық мектебінде мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсырған 89 оқушыға салтанатты жағдайда кіші агрономның дипломдары тапсырылды. Мектепті [illegible] Батыс Қазақстан, Гурьев Қостанай және Ақмола облыстарының колхоз председательдері.

Кәзір мектепке жаңадан оқушылар қабылдануда, мектепке негізінен тың жерлер игеріліп жатқан облыстардың колхозларынан 120 практиктер қабылданады.

Ақмола облысындағы [illegible] ауданының Маленков атындағы колхозының председателі.

Мемлекеттік орман алқабында

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Вишневая тауының маңынан басталатын мемлекеттік егін қорғайтын орман алқабы Уралдың өнбойымен жүз километрге созылып жатыр. Егін қорғайтын орман алқабында бірнеше орман шаруашылықтары жұмыс істейді. Бөрлі, механикаландырылған орман шаруашылығында кәзір күзде ағаш отырғызу басталды. Механизаторлар көктемде ағаш отырғызу үшін кәзірдің өзінде 150 гектар жер даярлап қойды.

Орал және Чапаев орман шаруашылықтары да мемлекеттік орман алқабында орасан зор жұмыс жүргізуде.

Қол жеткен табысты баянды етеміз

Біздің ауданның колхоздарының колхозшылары, МТС, совхоз жұмысшылары мен механизаторлары СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысын жүзеге асыра отырып, быйыл егіс көлемін тың және тыңайған жерлер есебінен өткен жылға қарағанда едәуір ұлғайтты. Көктемде 13500 гектар тың көтеріліп, оған жаздық бидай егілді. Ал, аудан бойынша егіс көлемі 26143 гектар ұлғайтылды.

